Газета для тех, кто учится и учит

# ҚазТБУ ТЫНЫСЫ

«Қазақ технология және бизнес университеті» Акционерлік қоғамы
Акционерное общество «Казахский университет технологии и бизнеса»

Ақпараттық, танымдық, ғылыми-әдістемелік басылым <> www.kazutb.kz <> № 1 28 ақпан 2020 жыл

## БҮГІНГІ НӨМЕРДЕ

ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА КӨШУ МӘСЕЛЕСІ

2 бет

БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМ – БОЛАШАҚТЫҢ НЕГІЗІ

3 бет

100 ЖАҢА КІТАП ЖОБАСЫНЫҢ БЕРЕРІ МОЛ



7 бет

Alma Dossanova
Senior teacher
Department of History of Kazakhstan and Social-Humanitarian Disciplines

## Seven things you (probably) didn't know about Oxford's libraries

Study in the UK. It coincides exactly with library. I want to share with some information about Seven things you (probably) didn't know about Oxford's libraries

Firstly it would take the keenest reader more than 600 lifetimes to get through all the books in the Bodleian (at the rate of one per day)

A more average reader, getting through about 300 books in a lifetime, would need 39,999 more lifetimes to finish.

(You can check the working on this in Charles Chu's essay on how many books you can read in a lifetime).




Secondly When you join the Bodleian Library as a reader, you swear – in your native language – never to set fire to it.

You can also buy the oath on a (probably flammable) tea towel in the gift shop.

Thirdly the Radcliffe Science Library offers 3D scanning and printing for students and staff

Since 2015, the RSL has printed over 1,160 items for staff and students with its Makerbot Replicator 2. They've printed GPS collars for Ethiopian dogs, prosthetic hands for amputees in Sierra Leone, a full replica cast gallery of Classical sculptures in miniature and a whole range of other teaching aids and useful objects.

Check out what the RSL has printed so far and how to request objects on the Library Guide website.

Moreover the number of readers in the Bodleian Libraries is nearly 100 times higher today than in 1945

In 1602, the Bodleian had 248 readers. There were 700 in 1945, and by 2014 there were 64,242.

Also the gate in the new Weston Library is inscribed with the phrase 'Si bonus es intres, si nequam ne quaquam' ('If you are good, enter. If wicked, by no means')

The ornamental Ascott Gate was salvaged from the Dorner family estate, destroyed by fire in 1662.

At the same time the Divinity School in the Bodleian Library is the oldest room in the University

This medieval building was built in the 1400s to house lectures, oral examinations and discussions on theology.

If you follow us on Facebook you might already know this, so we'll just add that this also makes it the oldest surviving purpose-built part of *any* university.

Finally The underground Gladstone Link library was named after a British Prime Minister, William Gladstone, who designed the shelves

Gladstone, an Oxford graduate himself, came up with the idea for the original rolling shelves and the refurbished link was named in his honour.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

# ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА КӨШУ МӘСЕЛЕСІ

***Ана тілі - елдігіміздіңен таңбасы, ұлттығымыздың уызы. Талай жылдар бойы өз елімізде өгей баланың күйін кешкен ана тіліміз тәуелсіздіктің арқасында заңды түрдегі мемлекеттік тіл мәртебесін иеленді. Ұлы Даланың абыройын асырған ұлылар ұлағатына адалдығын таныта білген Елбасымыз Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде екендігін баса атап көрсетті. Мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінің мәртебесі асқақтап, өрісінің кеңеюіне, заман ағымына сай кемелденіп, дамуына барынша қолдау көрсеткен көшбасшымыз көптеген мүмкіндіктерге жол ашып берді. Сондай бағдарлы бағыттың бірі – қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру.***




Осыдан жиырма жыл бұрын қозғау салынған латын әліпбиін қабылдау мәселесі назардан тыс қалған емес. 2006 жылдың 24 қазанында өткен Қазақстан халықтары Ассамблеясының XII сессиясында қазақ әліпбиін латынға көшіру жөніндегі мәселеге қайта қозғау салған Елбасы «Бір кездері біз оны кейінге қалдырған едік. Әйтсе де латын қарпі коммуникациялық кеңістікте басымдыққа ие және көптеген елдер, соның ішінде посткеңестік елдердің латын қарпіне көшуі кездейсоқтық емес» деп, бұл мәселенің ұлт тағдыры мен мемлекеттің дамуындағы стратегиялық маңызының зор екендігін айқындап өтті. Рухани астанамыз - Түркістанда өткен зиялы қауыммен кездесуінде де бұл мәселеге арнайы тоқталды. Онда да латын әрпіне көшудің тыңғылықты даярлықты қажет ететіндігіне байланысты зерттеу жұмыстарын мұқият қолға алумен қатар бірте-бірте көшудің ғылыми-методологиялық жүйесін жетілдіруді тапсырған еді [1].

Әлемдік дамудағы бұл мәселенің қаншалықты маңызды екендігін терең сезіне білген Елбасымыз «Қазақстан - 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында да, отандық БАҚ өкілдерімен кездесуіндегі сұхбаттарында да латын қарпіне көшу жайын алдыға тартып отырды. «Латын қарпі бізге дүниежүзінің халқымен, әлемнің ғылым-білімімен қарым-қатынас үшін керек. Егер латын әліпбиін енгізуге ақылмен келе алсақ, біз компьютер тіліне көшеміз, балаларымызға және бізге экономикалық және ғылыми кеңістікке енуге оңайырақ болады. Бұдан қашып құтыла алмаймыз, бұл – келешектің талабы. Сондықтан біз осыған ұмтылуғы тиіспіз. Бірақ бұл мақсатқа біз үлкен байыптылықпен келуіміз керек» деп, бұл бетбұрыстың заманауи өзектілігін байыптап түсіндірді. Жалпыұлттық сипаты басым бұл бастамаға еліміздегі әрбір саналы азаматтың белсенді түрде атсалысуы арқылы ғана жемісті нәтижеге қол жеткізе алатындығымыз Елбасымыздың нақты дәлелдерге негізделген ойларында жүйелі түрде көрініс тауып отырды [1].

Жалпы біздің әліпбиіміз – қоғамда орын алып отырған сан қилы тарихи-әлеуметтік құбылыстарға орай әр алуан жазу нұсқаларына (араб, латын, кирилл жазуы) бағындырылғандығы мәлім. Негізінде біздікі фонематикалық принципке сүйенетін дыбыстық жазу. Қазақ халқының әр кезеңдердегі пайдаланып келген дыбыстық жазу түрлерін ескі дәуірлердегі көне түркі (руна) жазуынан бастап, ұйғыр, араб және парсы жазулары, Ахмет Байтұрсынұлы жасаған төте жазу, латын графикасы негізіндегі қазақ жазуы, орыс (кирилица) графикасына негізделген қазақ жазуының үлгілері құрайды. Ұлттық жазу, яғни графика мәселесінде ұлы ағартушымыз, қазақтың тіл білімі ғылымының негізін қалаушы Ахмет Байтұрсынұлының үлесі теңдессіз. Бірақ қазақ халқының түбегейлі жазу таңбасы ретінде сақталып қалады деп саналған төте жазудың латынға ауыстырылуына түрколог ғалымдардың пәрменді ықпал еткендігі сөзсіз. Ашығын айтқанда төте жазудан қол үздіру арқылы халықты өткенінен алыстатуға болатындығын ең алдымен тілді зерттеуші ғалымдар терең түсініп білді.

XIX ғасырдың белгілі түркологы В.В.Радлов: «Қазақтар... мүдірмей, кідірмей, ерекше екпінмен сөйлейді. Ойын дәл, айқын ұғындырады. Ауызекі сөйлеп отырғанның өзінде сөйлеген сөздері ұйқаспен, ырғақпен келетіндігі соншалық, бейне бір өлең екен деп таңқаласың» - деп жазды [2]. Қазақ тілінің сұлулығын, халқының тілге ұсталығы мен сөз саптау, сөйлеу мәнеріндегі әуезділігін танытатын бұл пікірдің мазмұнынан тағы бір жайтты аңғаруға болады. Автордың таңданысын тудырғанбұл ұлттық ерекшелік сол кездегі қазақ халқының жазу әліпбиімен де байланысты екендігі, яғни ол кезде ұлтымыздың артикуляциялық базасы өзінің ұлттық қалыбынан әлі айни қоймаған болатын.

Ойды жеткізудің тәсілі сөйлеу тілі арқылы жүзеге асырылады. Сондықтан ең әуелі қарым-қатынас құралы ретінде тілдің коммуникативтік сипаты басым. Сонымен қатар тіл – тәрбиенің де тетігі. Дүние есігін ашқаннан өз ана тіліндегі тәлім-тәрбиенің уызын бойға сіңірген ұрпақтың ойлау жүйесі де, жады да ұлттық сипатта қалыптасары анық. Ал ұлттық ойлау дегеніміз – ұлтжандылықтың қозғаушы күші, жанды қайнары. Тіл арқылы кемелденіп, кеңейе беретін ойлау жүйесі тұлғаның сана-сезімін ұлттық таным-түйсікке, ұлттық көзқарасқа, ұлттық ұғым-түсінікке бейімдеп бекітеді. Тіл мен мәдениетті бір-бірінен бөле жарып қарауға келмейтін егіз ұғым ретінде қарастырған Мағжан ақын тіл– «атадан балаға ауысып келе жатқан басты мұра болып табылады» деп әуелете бағалаған екен. Осы заңдылықты терең сезіне білген ұлт көшбасшысы ел болашағының бағдарлы жүйесіне негізделген идеяларын ұлттық тіл мәселесімен өзектестікте өрістетіп келеді [2].

Оған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында Елбасымыздың қазақ әліпбиін біртіндеп латынға көшіру жайына қайта тоқталуы нақты дәлел. Бұл жаңашыл бастаманың зымыран заман сынағына лайықты түрде төтеп бере білу қажеттілігінен туындап отырғандығына кеңінен тоқтала келе: «Осыған байланысты, мен алдағы жылдарда мықтап қолға алу қажет болатын бірнеше жобаны ұсынамын. Біріншіден, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық» - деген сөзімен бұл қадамның байсалды түрде ізерленгендігін танытты [1].

Елімізде латын әліпбиіне көшуге қажетті алғышарттар талай жылдардан бері қарастырылып келеді. Ең бастысы бір әліпбиден екінші әліпбиге көшу тәжірибесін бірнеше дүркін бастан өткердік. Қазақстанның 1929 жылы араб графикасынан латын әліпбиіне көшу жағдайы бас-аяғыүш аптаның көлемінде жүзеге асырылғандығынан хабардармыз. Латыннан кирилицаға ауысу 1937 жылы басталып, 1940 жылы толықтай мәресіне жетті. Міне осы тәжірибелердің тиімді тұстарын мұқият сараптаған ғалымдарымыздың бүгінгі қол жеткізіп отырған нәтижелері айтарлықтай [2].

Латын әліпбиі – тілдік ерекшелігімізді сақтау, әлемдік интеграция, ақпарат кеңістігіндегі мүмкіндіктерімізді арттырудың заманауи тетіктерінің бірі. Өйткені латын жазуы қазіргі таңда әлемдік ауқымда қанаттанған ағылшын тіліне жуықтаса алатын тамыры терең әліпби. Сондықтан да 2025 жылға қарай латын қарпіне көшіруге тегіс бетбұрыс жасауда мақсатты нәтижеге қол жеткізу үшін, ең бастысы латын әліпбиін меңгерудің озық үлгідегі әдістемесін жасауды жетілдіре беруіміз керек және ол әдістемеде отбасы, балабақша, бастауыш және орта мектеп, орта арнаулы, жоғары оқу орындарында оқытудың өзіндік ерекшеліктеріне сай басымдықтарға жете мән беруіміз қажет. Сонымен қатар төл дыбыстарымызға байланысты туындайтын қиындықтарды болдырмаудың методологиялық жолдарын да қарастыру бүгінгі тілші-мамандардың алдында тұрған аса жауапты міндет.

Қазіргі электрондық қоғамға бетбұрған жағдайда әсіресе, латын графикасындағы қазақ әліпбиі мен ағылшын тілі графикасындағы өзіндік ортақтастықтар мен айырмашылықтардың жайы да саралана келе, латын арқылы ағылшын тілін еркін, әрі тез меңгерудің методологиялық жүйелері қалыптастырылуы бүгінгі күннің басты міндетіне аналып отыр.

Қорыта айтқанда, Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «... Дауға салса алмастай қиған, сезімге салса қырандай қалқыған, ойға салса қорғасындай балқыған, өмірдің кез келген орайында әрі қару, әрі қалқан, әрі байырғы, әрі мәңгі жас, отты да ойнақы ана тілінен артық қазақ үшін бұл дүниеде қымбат не бар екен. Ғасырлар бойы қазақтың ұлт ретіндегі мәдени тұтастығына ең негізгі ұйтқы болған – оның ғажайып тілі. Кезінде қазақ тірі болу үшін бірікті, енді ірі болу үшін бірігуі керек» деп өршіл рухтың тұтануына түрткі болатын жалынды ой үзігінің мазмұнын әрбір жас өреннің санасына терең ұялату жалпыұлттық міндетіміз. Сонда ғана өскелең ұрпақ мемлекеттік тіл – өркениеттің биік белестерін бетке ұстаған тәуелсіз еліміздің рухани тұғыры екендігін терең сезінетін болады [1].

**Пайдаланылған әдебиет тізімі**

1. http://go.mail.ru. Н.Назарбаев «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласы.

2. Қайдар Ә., Оразов М. Түркітануға кіріспе. – Алматы, 2014ж.

***Камиева Гульмира Камиевна***
*Педагогика ғылымдарының кандидаты*
*Қазақстан тарихы және әлеуметтік-гуманитарлық кафедрасының*
*қауымдастырылған профессоры*
***Абдирасилова Айкерим Қалыбаевна***
*Педагогика магистрі*
*Қазақстан тарихы және әлеуметтік-гуманитарлық кафедрасының*
*аға оқытушысы.*

# БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМ – БОЛАШАҚТЫҢ НЕГІЗІ

***Қазақ технология және бизнес университеті қабырғасында 13-15 ақпан аралығында Экономикалық факультеті, «Менеджмент және туризм» кафедрасында «Туризм», «Мейрамхана ісі және мейманхана бизнесі», «Менеджмент» білім беру бағдарламасында білім алушы студенттердің оқудан тыс іс-шараларын жақсарту мақсатында пәндік олимпиада ұйымдастырылды. Олимпиаданың басты мақсаты студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту және ғылыми қызметті жетілдіру, сондай-ақ кәсіби және жеке әлеуетті ашуға және өзін-өзі жүзеге асыруға жағдай жасау.***

**12 ақпан** күні **«Туризм»** білім беру бағдарламасы бойынша олимпиада бастау алды. Конкурсқа 3 команда қатысты. Қатысқан командалар: «Қыран», «Алые паруса», «Education & Youth». Командаларды олимпиадаға қабылдаудың негізгі критериялары: команда 2 адамнан (2-3 курс студенттері) және көшбасшысы болу керек. Пәндік олимпиада 2 кезеңнен тұрды:

1 тур – теориялық, яғни негізгі пәндер бойынша білім деңгейін тексерілетін тапсырмалар берілді.

2 тур практикалық – туризм ғылымының басым бағыттары мәселелері бойынша әр топ жеке орындаған және аяқталған ғылыми-зерттеу жұмыстарын қорғады және дәлізде туризмнің белсенді түрлерінің техникасы мен тактикасынан практикалық бөлімі өтті.

Олимпиаданың бағдарламасына жоғары оқу орындары мамандықтарының базалық пәндерінің бөлімдері бойынша тапсырмалар енгізілді. Олимпиаданың 1 кезеңінің қорытындысы негізінде «Қыран» командасының теориялық білімдерінің тереңдігі анықталды. Олимпиаданың 2 кезеңінің қорытындысы негізінде «Education & Youth» командасы туризм ғылымының басым бағыттары мәселелері аясында ғылыми-зерттеу жұмыстарын қорғауда көшбасшылық танытты.

Олимпиада нәтижелері теориялық және тәжірибелік кезеңдері бойынша анықталды. Бағалау критерийлерін және ұпайларды есептеу ретін ұйымдастыру алқасы белгіледі. Конкурстың қорытындысы бойынша олимпиаданың қазылар алқасы I, II, III орын алған жеңімпаз командаларды анықтады. Аса тартысты өткен сайыста «Education & Youth» командасы олимпиада жеңімпазы атанды. Команда мүшелері – 2 курс студенттері Құспан Жадыра, Оңайбаева Аружан. Жетекшісі: А.А. Жакупов. Екінші орынға «Қыран» командасы ие болды. Команда мүшелері – 2 курс студенттері Жақан Аида, Абдыхмидова Эльнора. Жетекшісі: Е.Н.Жайлаубаев. Жүлделі үшінші орынды «Алые паруса» команда мүшелері – Тур-182 орыс тобының студенттері Байгулов Елнұр, Каиржанов Алишер өзара бөлісті. Жетекшісі: Д.И. Джангельдина мен Е.Н.Жайлаубаев.

**13 ақпан** күні **«Мейрамхана ісі және мейманхана бизнесі»** білім беру бағдарламасы бойынша олимпиада жалғасын тапты. Конкурсқа 3 команда қатысты.

Олимпиаданың негізгі мақсаты: шығармашылық қабілеттерін ашу, дарынды және талантты студенттерді қолдау, студенттерді қазіргі заманғы ғылыми мәселелерді шешуге тарту, ғылыми қызметке қызығушылықты дамыту.

**«**Мейрамхана ісі және мейманхана бизнесі**»** білім беру бағдарламасы бойынша олимпиада бастау алды. Конкурсқа 3 команда қатысты. Қатысқан командалар: «Менеджер», «Официант», «Бармен». Командаларды олимпиадаға қабылдаудың негізгі критериялары: команда 2-3 адамнан (2-3 курс студенттері) және көшбасшысы болу керек. Пәндік олимпиада 2 кезеңнен тұрды: бірінші тур – теориялық, яғни ісі және мейрамхана бизнесіндегі кәсіпкерлік қызмет негіздері және мейманхана мен мейрамханалардағы менеджмент пәндері бойынша білім деңгейін тексерілетін тапсырмалар берілді. Екінші тур практикалық – Мейрамхана ісі және мейманхана бизнесі әр топ жеке орындаған және аяқталған ғылыми-зерттеу жұмыстарын қорғады.

Олимпиада нәтижелері теориялық және тәжірибелік кезеңдері бойынша анықталды. Конкурстың қорытындысы бойынша олимпиаданың қазылар алқасы I, II, III орын алған жеңімпаз командаларды анықтады. Аса тартысты өткен сайыста «Менеджер» командасы олимпиада жеңімпазы атанды. Команда мүшелері – 2 курс студенттері Есенжол Айғаным, Доданова Дайана, Арғынғазин Ғибрат. Жетекшісі: А.А. Жакупов. Екінші орынға «Официант» командасы ие болды. Команда мүшелері – Сапаргалиева Назгүл, Ғабдоллова Жасмина мен Төребаева Мақпал. Жетекшісі: М.Т. Толубай мен В.С. Мусаева.

Ал үшінші орын «Бармен» команда мүшелері – 2 курс студенттері Сабанбай Ермахан, Шондыбаева Ақеркеге берілді. Жетекшісі: Ж.К. Мизамбекова мен В.С. Мусаева.

**14 ақпан күні** кафедраның олимпиада апталығын **«Менеджмент»** білім беру бағдарламасы қорытындылады. Конкурсқа 4 команда қатысты. Қатысқан командалар: «МТ-182», «МТ-181», «МТ-171», «МТ-172». Командаларды олимпиадаға қабылдаудың негізгі критериялары: команда 5-7 адамнан (2-3 курс студенттері) және көшбасшысы болу керек. Пәндік олимпиада 3 кезеңнен тұрды: бірінші тур – теориялық, негізгі пәндері бойынша білім деңгейін тексерілетін тапсырмалар берілді. Екінші тур практикалық – эссе жазып ойларымен бөлісті. Үшінші тур – ситуациялық, туындаған мәселелерді шешу.

Олимпиада нәтижелері теориялық және тәжірибелік кезеңдері бойынша анықталды. Конкурстың қорытындысы бойынша олимпиаданың қазылар алқасы I, II, III орын алған жеңімпаз командаларды анықтады. Аса тартысты өткен сайыста «МТ-181» командасы олимпиада жеңімпазы атанды. Команда мүшелері – 2 курс студенттері Таубаева Диана, Ахмедиянова Дания, Нұралы Аружан. Жетекшісі: Қ.Б. Жуманазаров. Екінші орынға «МТ-172» командасы ие болды. Команда мүшелері – 3 курс студенттері Исатаева Лейла, Сагинбаева Фарида, Давлетьярова Ильмира, Есенжанов Дмитрий, Кунанбаева Даулет. Жетекшісі: М.К. Шаримова. Ал үшінші орын «МТ-182» команда мүшелері – 2 курс студенттері Арыстанова Айымгуль, Жанайдарова Асель, Сайлаубек Алибекке берілді. Жетекшісі: Қ.Б. Жуманазаров.

**Д.И. Джангельдина**
**«Менеджмент және туризм» кафедрасының қауымдастырылған профессоры**

# Развитие академической мобильности ППС кафедры «Экономика, учет и аудит»

Качественная подготовка специалистов и развитие современной экономической науки невозможны без взаимного обмена и обогащения идеями, методологией, конкретными разработками между научными и образовательными организациями как внутри страны, так и за ее пределами. Сегодня задача повышения уровня образования и проведения научных исследований решается через развитие эффективных международных контактов, совершенствование подходов к построению и содержательному наполнению образовательных программ, учебных курсов и исследовательских проектов.

Кафедра «Экономика, учет и аудит» расширяет свои международные связи, так с 2 по 17 января 2020 года к.э.н., ассоциированный профессор кафедры «Экономика, учет и аудит» Туребекова Бажан Отемаратовна и к.э.н., ассоциированный профессор Сапарбаева Сауле Саулебаевна прошли научную стажировку в Chech University of Life Science (CULS)– Чешском Университете Естественных Наук (г. Прага, Чешская Республика) на темы **«*Analysis of the effectiveness of government agricultural support programs*»** и ***«IFRS and IFRS PS: adaptation in national accounting systems»*** в объеме 72 часов. Чешский Университет Естественных Наук (CULS) имеет долгую и интересную историю. Она начинается еще в 1776 году, когда на Факультете Философии в Карловом Университете в Праге были впервые введены лекции по экономике сельского хозяйства. Кафедра Экономики сельского хозяйства расположилась в Чешском Политехническом институте в 1812 году. Первые лекции по лесному хозяйству были проведены в 1848 году. в 1950-х годах с приходом к власти коммунистов был назван «Университетом Сельского Хозяйства» в Праге. 1 января 1995 года Университет Сельского хозяйства в Праге был переименован в Чешский Университет Сельского Хозяйства. В 1998 году, в соответствии с указом правительства, университет стал публичным (независимым) университетом с расширенными полномочиями в отношении разработки новых образовательных программ (включая программы обучения на английском языке), выборами ректора и вообще автономией в большинстве академических и административных вопросов. В 2007 году английское название для университета было изменено на «Чешский Университет Естественных Наук».

В ходе стажировки ППС кафедры в этом университете было проведено ознакомление со структурой университета, обучающими программами факультета «Экономика и менеджмент», организованы встречи с руководителями департаментов. Была предоставлена возможность для пользования развитой инфраструктурой университета, доступ к ресурсам библиотеки и проведены научные консультации.

Преподаватели нашей кафедры имели возможность воспользоваться информационными и библиотечными ресурсами Пражского Университета Естественных Наук.

По итогам научной стажировки Туребекова Б.О. и Сапарбаева С.С. получили сертификаты.

Кроме того, наши преподаватели в рамках краткосрочной академической мобильности с 20 по 25 января 2020 года прочли лекции по дисциплине «Financial Analysis»в качестве приглашенных профессоров для студентов факультета «Экономика и менеджмент».

Такой опыт обмена оказался очень интересным и полезным, т.к. наши преподаватели ознакомились с академической политикой зарубежного вуза, основанного на двухсотлетнем опыте, направленного на развитие потенциала каждого человека в экономической, научной, творческой, образовательной, культурной и социальной областях в духе национальных, демократических и гуманитарных традиций Чешской Республики.

Бажан Отемаратовна и Сауле Саулебековна получили сертификаты о прочитанных лекциях.

По итогам данных мероприятий преподаватели кафедры предложили заключить долгосрочный Меморандум о сотрудничестве с данным университетом. Надеемся на интересное и взаимовыгодное сотрудничество.

# 100 жаңа кітап жобасының берері мол

***Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты мақаласында бізге қазіргі заманды болашақты терең түсінетін білікті сала мамандары да ауадай қажет екенін атап көрсетті. Тарих пен саясаттану, әлеуметтану мен философия,психология, педагогика, экономика, мәдениеттану және философия ғылымдары бойынша студенттерге заманға лайық білім беруге қажетті жағдай жасауды тапсырды.***



Осы міндетті іске асыруға мүмкіндік беретін негізгі тетік ретінде “Жаңа гуманитарлық білім қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық” жобасы қолға алынды. Алынға жоба аясында алдағы бірнеше жылда гуманитарлық білімнің барлық бағыттары бойынша әлемдегі ең үздік деген университет оқулықтары түрлі тілдерден қазақ тіліне аударылып, біздің студенттерге дүние жүзіндегі таңдаулы үлгілердің негізінде білім алуға мүмкіндік жасалмақ. 2017 жылғы 18 оқулық таңдалды. Жоспарға сай, бұл оқу құралдары қазақ тіліне аударылып, жоғарғы оқу орындарына тегін жіберілді. Жаңа оқулықтар 2018 -2019 оқу жылынан бастап жоғарғы білім беру жүйесіне енгізілді.

2018 жылы 30 оқулық аударылып басылды. Республика бойынша 130 жоғарғы оқу орындарына таратылды. Бүгінгі таңда жобаның келесі кезеңіне таңдалған оқулықтарды аудару процесі жүріп жатыр.

Іріктелген оқу құралдарын қазақ тіліне аударуға Қазақстанда бұрын –соңды іске аспаған. 100 оқулықты аудару аясында Қазақстан әлемдегі алдыңғы қатарлы жоғарғы білім беру орындары, ғылыми орталықтар және оқулық шығаруға маманданғанбаспа ұйымдарымен тығыз әріптестік орнатты. Кең көлемді аударма жұмысы қазақ тілін халықаралық ғылыми лексикамен байыта түсуге, ғылыми терминологияны дамытуға, академиялық жазу стилін жетілдіруге, зор мүмкіндік туып отыр.

Біріншіден, гуманитарлық бағыт бойынша әлемнің 100 үздік оқулығы қазақ тіліне аударылады. Сол арқылы тілдің дамуына аса қажетті ғылыми мазмұн мен лексика дамиды.

Екіншіден, гуманитарлық салалар бойынша оқитын студенттердің заман талабына сай білім алуына жағдай жасайды. Біздің оқу орындарындағы мазмұн және академиялық талқы деңгейі әлемнің ілгері ғылыми орталықтарының деңгейіне шығады.

Үшіншіден, аса ауқымды аударма жобасы Қазақстанның аударма мектебінің, күшейіп жетілуіне жағдай жасайды. Аудармашы мамандар, ғалымдар мен оқытушылардың, жаңа негізде жұмыс істеуіне алғышарт болады.

Елбасы мақаласында ғылымның жеті бағыты аталды. Осы саланың барлығы қамтылып жатыр. Бұлардың қай-қайсысы да адамның жеке тұлға және маман ретінде қалыптасуына зор ықпал ететін білім салалары. Олар қоғамдағы азаматтық ұстаным, моральдық құндылық, ар –ождан негіздерін қалайды. Адамның өзіне, айналасына, елге деген көзқарасын қалыптастырады. Біз дүниежүзіндегі ғылым мен білімнің, мазмұнына жол ашу арқылы ілгері дамыған қоғамдағы осындай көзқарас және ұстаным қалыптастыру құралдарымен жақын танысуға мүмкіндік алдық.

Мақсат – ол білімді айна – қатесіз көшіріп алып, оған илану емес. Біз әлемнің қалай ойлап, нені құнды, нені дұрыс, нені бұрыс деп білетінін ескере отырып, өз бағытымызды анықтауда қателеспей, өзіміздің Қазақстандық жолымыздан жаңылмауымыз қажет. Сондықтан да рухани жаңғыру аясында өзге жобалар өз тарихымызға, өлкетануға, төл мәдениетке арқа сүйейді. Қазақ дүниетанымын қорғау сөзсіз қажет, бірақ ол тұйықталу дегенді білдірмейді. Кез келген адам ең алдымен қоғамның мүшесі. Техник, механик, математик, физик, химик және т.б.мамандық иелері қоғамда қауымдасып өмір сүреді. Ал сол қоғамда өмір сүрудің қыр–сырын гуманитарлық ғылымдар оқытып – үйретеді. Олай болса, инженерлік – техникалық мамандықтар үшін гуманитарлық білімнің қажеті жоқ па? Қажеті болғанда қандай. Біз болашақ мамандарымыздың отансүйгіш патриот, ұлтжанды азамат боғанын қалаймыз ба? қалаймыз. Болашақта жастардың, саяси белсенді мәдениетті, төзімді, діни сауатты, өз құқықтары мен бостандықтарын білетін, қоғамды сыйлап, Отанын құрметтейтін нағыз азаматқа айналғанын қалаймыз ба? әлбетте. Олай болса гуманитарлық ғылымдарға қырын қараудың жөні жоқ. Міне, сондықтан қашанда көреген саясаткерлігімен танымал Елбасымыз “Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру” атты еңбегінде жаңаша гуманитарлық білім беруге ерекше мән беруінің сыры тереңде жатыр.

Елбасымыз ұсынған “Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық” жобасыда уақыт талабынан туындап отыр. Жаһандық деңгейде бәсекеге қабілетті боламыз десек,әлемдік деңгейдегі ең озық оқулықтардан, ғылыми әдебиеттерден білім алған абзал. Егер қазақ тілін дамытамыз, білім мен ғылым тіліне айналдырамыз десек шет тілдеріндегі оқулықтар мен ғылыми әдебиеттердегі маңызды ақпаратты түпнұсқадан ала білуіміз қажет. Шынайы рухани жаңғыру сол кезде жүзеге асады. Ендігі басты мәселе осынау өзекті міндеттерді көзбояушылыққа жол бермей, шынайы әрі сауатты іске асыру. Шетелдік ғалымдардың еңбектерімен қатар, өзіміздің отандық ғалым педагогтардың да, озық оқулықтарын кәдеге жарата білуіміз қажет. Мемлекет пен ұлт құрыштай құйылып,қатып қалған дүние емес,үнемі дамып отыратын тірі ағза іспетті. Өмір сүру үшін заман ағымына саналы түрде бейімделуге қабілетті болу керек.

Жаңа жаһандық үрдістер ешкімнен сұрамай, есік қақпастан бірден төрге озды. Сондықтан, заманға сәйкес жаңғыру міндеті барлық мемлекеттердің алдыда тұр.

Сынаптай сырғыған уақыт ешкімді күтіп тұрмайды, жаңғыру да тарихтың өзі сияқты жалғаса беретін процесс.

Екі дәуір түйіскен өлара шақта Қазақстанға түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсудің теңдессіз тарихи мүмкіндігі беріліп отыр.

Мен барша Қазақстандықтар, әсіресе, жас ұрпақ жаңғыру жөніндегі осынау ұсыныстардың маңызын терең түсінеді деп сенемін.

Жаңа жағдайға жаңғыруға деген ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы. Өмір сүру үшін өзгере білу керек. Оған көнбегендер тарихтың шаңына көміліп қала береді. Мәңгілік ел болу біздің өз қолымызда. Бұл үшін өзімізді үнемі қамшылап, ұдайы алға ұмтылуымыз керек.

Байлығымыз да, бақытымыз да болған мәңгілік Тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтай білуіміз керек.

«Қазақстан -2050» - Мәңгілік Елге бастайтын ең абыройлы, ең мәртебелі жол. Осы жолдан айнымайық, қадірлі халқым! Дамуымыз жедел, келешегіміз кемел болсын!

«Рухани жаңғыру – дәуір талабына сай жаңғыру»

«Рухани жаңғыру – әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу»

«Рухани жаңғыру—табысты ел болуымыздың кепілі»

Біздің Қазақ технология және бизнес университетіне 100 – кітаптің 49 данасы келіп түсті.

**Мақаланы жазған библиограф: Раимкулова Нурсулу Аятовна**

# Феномен Моно Лизы

Леонардо да Винчи родился в 1452 году. Умер в 1519 году.

Он оставил потомкам, кроме картин, свои труды в виде рисунков, чертежей и записей своих мыслей, изобретений и открытий.

Его время еще не пришло — современники не могли ни оценить, ни осуществить его предложений.

Постепенно человечество, не зная его наследства, «открывало» давно им открытое и описанное.

Леонардо был талантлив многосторонне: он играл на изобретенной им же лютне, пел и любил рассказывать забавные, им придуманные истории, задавал друзьям ребусы и загадки, а потом со смехом разъяснял их.

Но одну загадку он, не надеясь на понятливость современников, послал нам, своим потомкам, бросил в будущее.

А загадку эту, бросая нам, великий тайнописец Леонардо запечатал семью печатями в образе самой своей знаменитой картины — в лице Моны Лизы Джоконды!

И теперь, эту загадку пытается разгадать каждый, кто смотрит на знаменитый портрет.

